



Автор: Тлеулиева Жанар Есенжановна

Пән: Қазақ әдебиеті

Сынып: 6-сынып

Бөлім: Мен балаң жарық күнде сәуле қуған...

Тақырып: С. Мұратбековтің «Жусан иісі» повесінен үзінді

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	6.2.1.1- шығарма композициясындағы белгілі бір эпизодтың алатын маңызына негіздеме жасау; 6.2.2.1- эпикалық, поэзиялық шығармалардағы автор бейнесін анықтау;
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар орындай алады: С.Мұратбековтің өмірі мен шығармашылығы туралы мағұлмат алады. Оқушылардың көпшілігі орындай алады: Әңгіме неліктен «Жусан иісі» аталатынын түсіну. Кейіпкерлер сөзі арқылы шығармашылыққа үйренеді. Кейбір оқушылар орындай алады: Шығарма бойынша берілген күрделі сұрақты талқылай алады және пікір айта алады.
Тілдік мақсаттар:	Оқушылар орындай алады: Шығармадағы мұң, жетім, қасірет сөздерінің мағынасын түсінеді. Нақты тақырыпқа арналған сөздік қор мен терминология: Жусан, ақсақ, хат Диалог құруға / шығарма жазуға арналған пайдалы тіркестер: «Осындай деректерге сүйенсек...» Қорытындылай келе Талқылауға арналған сұрақтар: - Не себепті Деп ойлайсыз?
Күтілетін нәтиже:	Шығарма мазмұнына сәйкес Аян бейнесін аша алады, тақырып бойынша ой — сыни ойлай отырып, ата — ананы, құрметтеуге ұмтылады, адал достыққа үйренеді. Жетім балаларға аяушылық сезімдері оянады.
Бағалау критерийлері:	Шығарма мазмұнына сәйкес Аян бейнесін ашады, тақырып бойынша ой — пікірлері жетіледі, сыни ойлайды, ата — ананы, құрметтеуге ұмтылады, адал достыққа үйренеді. Жетім балаларға аяушылық сезімдері оянады.
Құндылықтарды дарыту:	Оқушылардың отбасына деген құрметін қалыптастырады, өзіне деген жауапкершілікті арттырады.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интерактивті тақта мен ғаламторды пайдалана білу
Пәнаралық байланыс:	Қазақстан тарихы, музыка, бейнелеу өнері, театр т.б. өнер түрлерімен жүзеге асады.
Бастапқы білім:	" Ой қозғау" Сұрақ-жауап,

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Ұйымдастыру кезеңі: Амандасу, түгендеу Топқа бөлу: 1- топ Қайрат 2-топ Ізгілік 3-топ Мейірім 4-топ Қайсарлық Психологиялық ахуал «Барлығы маған байланысты» әдісі Үй тапсырмасын пысықтау . «Ашық микрофон» әдісі *С. Мұратбековтің туған жері? *1977 жылы жазушының қандай көркем фильмі түсірілді? *Жазушының қандай шығармасы кітап болып жарық көрді? *Ел арасында тараған қандай шығармаларын білесіңдер?	Бейнебаян, аудио, слайд, презентация, электрондық оқулық

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы	Ой шақыру, Сайын Мұратбековтің «Жусан иісі» повесінен үзінді. Оқушыларға интербелсенді тақтадан «Жусан иісі» повесінен үзінді көрсету «Жусан иісі» әңгімесі не туралы деп ойлайсындар? Әңгіменің «Жусан иісі» деп аталу себебі неде? Оқылым алды тапсырма Бөлімге бөліп оқу арқылы әңгіменің ішкі мазмұнымен танысу. Оқушылар жеке оқиды, жұппен ой бөліседі, топпен постер қорғайды. Топтық жұмыс. Сергіту сәті: « Поэзия минуты» әдісі Шығармашылық жұмыс . Өзара бағалау.	5e4e67cf6e397.png Image not found or type unknown 5e4e67e355ea8.png Image not found or type unknown
Сабақтың соңы	Сабақты бекіту. Ой толғаныс *Шығарма кімнің атынан баяндалады? *Әңгіме қандай оқиға кезінде болған? *Аянның ертегілері қалай басталушы еді? * «Жусан иісі» арқылы жазушы оқырманға қандай ой тастады? *Аянның балалар үйіне кетуіне сенің көзқарасың қандай?	5e4e67f355673.png Image not found or type unknown
Рефлексия	« Ұстазға хат»	5e4e67feed187.png Image not found or type unknown